



Алакөл

Газет 1935 жылғы қазан айынан шығады

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Районная общественно-политическая газета

№46 (7977) 13. 11. 2021.
Сенбі / Суббота

Ваш труд незаменим



Социальная служба осуществляет важнейшую из государственных задач. На плечи сотрудников ложится забота о гражданах, оказавшихся в трудной жизненной ситуации. В последнее воскресенье октября - работники социальной защиты отметили профессиональный праздник.

В связи с этим аким района А.Абдинов провел личный прием работников данной службы. «Руководство страны уделяет особое внимание социальной сфере. Со своей стороны мы и дальше продолжим расширять меры под-

держки граждан.

В нашем районе 1756 человек с особыми потребностями, в том числе в возрасте до 16 лет – 216 детей. Обеспечены гигиеническими средствами 136 человек, техническими средствами передвижения - 39 граждан, тифло-сурдо-средствами-33, услугами индивидуального помощника - 132 алакольца с ограниченными возможностями, 8 обратились за помощью к специалистам жестового языка.

Кроме того, в санаторно – курортные лечебные учреждения направлены 21 человек, 115 получили протезно - ортопедическую

помощь, 110 граждан, имеющих инвалидность первой группы, обеспечены транспортной услугой «Инва-такси», так же специальные услуги получают 102 одиноких престарелых и инвалида, 69 детей с ограниченными возможностями.

В данной социальной сфере трудится 30 социальных работников. Благодаря кропотливому ежедневному труду, терпению, милосердию, люди не остаются без внимания и заботы», - отметил глава района.

Далее с поздравительной речью обратился к виновникам торжества председатель районного совета ветеранов С.Бекболатов:

«Поздравляю вас с профессиональным праздником! На ваших плечах ответственная миссия: вы помогаете людям преклонного возраста, всем тем, кто нуждается в помощи и сострадании.

В торжественной обстановке прошло награждение социальных работников. Благодарственными письмами акима Алматинской области - Ж.Омарова, акима района - Г. Муратханқызы, Ж.Серикқызы, Ж.Шарипханқызы, Т.Маузенханқызы, Ж.Жароллақызы, К.Жақсыбаева, А.Көтербаева. Обладателю первого места в областном конкурсе «Еңбек жолы» в номинации «Лучший молодой работник производства», лаборанту ГКП на ПХВ «Алакольская ЦРБ» Н. Уалиеву был вручен денежный сертификат на сумму 300.000 тенге.

Труд социальных работников - незаменим. Ведь они не только помогают, но и искренне сопереживают за своих подопечных. Желаем вам крепкого здоровья, семейного благополучия и успехов!

А.ЖАНАТОВА.



Қабылдау өткізді

Аудан әкімі А.Абдинов қарапайым халықтың мұңына құлақ асып, мәселелерінің шешімін табу мақсатында қабылдау өткізді. Оған бөлім, мекеме басшылары мен тиісті орган өкілдері қатысты.

Жеке қабылдауға келгендердің басым бөлігі баспана алу мәселесі бойынша жүгінді. Басына пана таппай, әр мекеменің табалдырығын тоздырған тұрғындардың мұң-зарын ескерген өңір басшысы осы бағытта істеліп жатқан елеулі жұмыстарға тоқталып, Үшарал қаласының шығыс бөлігінде бой көтергелі отырған алпыс пәтерлі тұрғын үй құрылысы аяқталғаннан кейін қолданысқа берілетінін айтып, қуантты.

Сонымен қатар жеке кәсіп ашу, тұрақты жұмысқа орналасу, құжат рәсімдеу, жылумен қамтамасыз ету, әлеуметтік көмек көрсету сынды тақырыптар төңірегінде әңгіме қозғалды. Аудан әкімі әр азаматты мұқият тыңдап, олардың өтініштерін шешу жөнінде тиісті мекеме басшыларына тапсырма берді.

М.ҚУАТҚЫЗЫ.

Баспасөз - 2022

Әр шаңырақтан көрсек дейміз

Құрметті оқырман!

Бүгінде еліміз өте бір күрделі кезеңде бастан өткеруде. Сәл саябырсығанымен екі жылдан бері дүние жүзін жайлаған індеттен де арыла алмай келеміз. Әлеуметтік жағдайды жақсарту, экономикамызды оңалту бағытында түрлі шаралар қабылданып жатқанымен әлі де болса тығырықтан шыға алмай отырған жайымыз бар.



Осындай шақта өңіріміздің тыныс-тіршілігінен хабардар болуда сіздерге «Алакөл» газеті көмекке келеді. Баршаңызды төл басылымдарыңызбен белсенді қарым-қатынас жасауға шақырамыз.

Газетке 2022 жылға жазылу басталды. «Алакөлдi» әр шаңырақтан көрсек дейміз.

Газеттің жылдық жазылу бағасы:

Жеке адамдар үшін- 4999 теңге 78 тиын, индексі 66551.

Зейнеткерлер үшін- 4499 теңге 52 тиын, индексі 36551.

Мекемелер үшін-6371 теңге, индексі 16551.

Аудандық әкімдікте

Өзекті мәселелер қаралды

Аудан әкімі А.Абдиновтың төрағалығымен аудан әкімдігінің мәжілісі өтіп, онда «Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының 2021 жылдың тоғыз айдағы қорытындылары және IV тоқсандағы міндеттері туралы» мәселе қаралды. Аудан әкімінің орынбасары Д. Қанағатов баяндама жасап, жыл басынан бергі есептік кезеңде атқарылған жұмыстар мен орын алған кемшіліктерге тоқталып өтті.

Ауданның атқарушы органдары үстіміздегі жылдың тоғыз айында экономиканың барлық салаларының тұрақты дамуын қамтамасыз ету бойынша нақты жұмыстар жүргізді. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 39923,6 млн.теңгені құрады. Өнеркәсіпте 8221,6 млн. теңгенің өнімі өндірілді. Ауданға 33514,3 млн.теңгенің инвестициясы тартылды. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жоспары 110,1%-ке орындалып, 5491,2 млн. теңге

түсті. Кәсіпкерліктің белсенді 3178 субъектісі 49528 млн.теңгенің өнімін өндірді. 8454 шаршы метр тұрғын үй кіріске алынды. Құрылыс жұмыстарының көлемі 30316,8 млн. теңгені құрады.

«Ауыл-ел бесігі» жобасы аясында Бескөл, Бұлақты, Ақтүбек және Көктұма ауылдарында 18 жоба жүзеге асырылуда. Аталған елді мекендердің жолдары орта жөндеуден өтіп, Ақтүбек ауылының мәдениет үйі мен Көктұма ауылының электр жүйесінің құрылысы жоспарға сәйкес жүргізілуде. Биыл Жанама орта мектебінде күрделі жөндеу басталды.

Осындай табыстарымызбен қатар кемшіліктер де жоқ емес. Атап айтқанда, ауыл шаруашылығы саласы бойынша өндірілген ет көлемі былтырғы жылдың есептік кезеңімен салыстырғанда 98,2%, өңделген ет 36,6%, сүт 75%-ті құрады. Сарып ауруына шалдыққан 6 ірі қара, 9 ұсақ мал анықталды. Туберкулезбен ауыратын адамдардың

саны былтырғымен салыстырғанда 5 бірлікке көбейген, бір жасқа дейінгі бала өлімі бойынша 7 жағдай тіркелді.

Осы және басқа да мәселелер бойынша аудан басшысы бірқатар жергілікті округ әкімдерінің жұмыстарын сын тезіне алып, аудандық құрылыс бөлімінің басшысы М. Жұлқайнарұлының, аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Қ.Жұбаевтың, аудандық кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Д.Жуандықовтың есептерін тыңдап, нақты тапсырмалар берді.

Жастарды әскерге шақыру ісін дұрыс ұйымдастыруда аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімге жан-жақты қолдау көрсетуді ескертті.

Сондай-ақ мәжілісте «Барлық деңгейдегі әкімдердің тұрғындармен есептік кездесулері барысында айтылған ескертулер мен ұсыныстарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы» мәселе қаралып, тиісті қаулы қабылданды.



Тұғыры биік төл теңгем

Қазақ елі үшін ағымдағы жылғы бірқатар атаулы даталармен қатар, мән-маңызы жағынан беделі жоғары тағы бір күн бар. Ол - ұлттық валютамыз теңгенің айналымға енген күні.

Иә, 1993 жылдың қазан-қараша айларында Қазақстан рубль аймағынан толықтай шығып, 15 қарашада теңге ресми айналымға енген болатын. Ескі ақшаны қазақстандық теңгеге айырбастау сол жылдың осы күні таңғы 8.00-де басталып, 20 қараша күні 20.00-де аяқталған еді. Ұлттық банк алғашқыда 1 теңгені сол кездегі 1000 рубльге бағалаған болатын. Алайда, кейін еліміздің саяси және әлеуметтік, мемлекетаралық қатынастары ескеріліп, 1 теңге 500 рубль бағамында белгіленді. Есте болса, теңге айналымға енердің алдында үш күн бұрын Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстан Республикасында Ұлттық валюта енгізу туралы» Жарлық шығарған болатын. Жалпы, төл теңгемізді дайындау жұмыстары 1992 жылы қолға алынып, сол жылдың 27 тамызында Ұлттық банк теңге купюрасының үлгілерін бекітті. Ал ертеңінде қазақ валютасын өмірге келтірген суретшілер Тимур Сүлейменов, Меңдібай Алин, Ағымсалы Дүзелханов, Қайролла Әбжәлеловтер Англияға аттанды. 1993 жылы алғашқы теңге партиясы Англияның ең көне әрі әйгілі «Харрисон және ұлдары» фабрикасында басылды. Теңгені елге тасымалдау үшін төрт ИЛ-86 ұшақтары тұманды Альбион еліне 18 мәрте қатынады. Төл валютамыздың алғашқы партияларын сақтау үшін арнайы жерасты қоймалары дайындалып, дәл осы қоймалардан ұлттық теңгеміз еліміздің барлық өңірлеріндегі банктерге 8 күн ішінде жеткізілген.

Ең алғашқы теңгемізде белгілі тарихи тұлғалардың портреттері, Алатау мен Көкшетау көріністері, Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің бейнесі, Маңғыстаудан табылған тастағы таңбалар пайдаланылды. Бір теңгелік банкнотқа Әбу Насыр әл-Фараби, үш теңгелікте Сүйінбай, бес теңгелікте Құрманғазы, он теңгелікте Шоқан, жиырма теңгелікте Абай, елу теңгелікте Әбілқайыр хан, жүз теңгелікте Абылай хан бейнесі сомдалды. Кейіннен теңгеміздегі тарихи тұлғалардың бейнелері алынып тасталғанымен валютамыздың құны түскен жоқ. Мәселен, бүкіл әлемнің банкнот коллекционер-

лерінің тәуелсіз бірлестігі болып табылатын Халықаралық банкнот қоғамдастығы жыл сайын интернет-дауыс беру арқылы жылдың ең үздік банкнотын таңдайтындығы белгілі. Дәл осы қоғамдастық «2011 жылғы ең үздік банкнот» атағын 2012 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған номиналы 10 000 теңгелік ескерткіш банкнотына берген болатын. Келесі жылы да Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің «Қазақ Елі» сериясынан номиналы 5000 теңгелік банкноты екінші рет «2012 жылғы ең үздік банкнот» атағын иеленді. Ал Түркі жазба ескерткішіне арналған, номиналы 1 000 теңгелік «Күлтегін» ескерткіш банкнотына берілген үшінші «2013 жылғы ең үздік банкнот» атағы тәуелсіз Қазақстан жылнамасындағы тарихи маңызды сәт болды.

15 қараша экономиканың қаржы секторының қызметкерлері өздерінің кәсіби мерекесі – Қаржыгерлер күнін тойлады. Осы күнді таңдау кездейсоқ емес және бұл өзіміздің ұлттық валютамыз - теңгенің 1993 жылдың 15 қарашасында айналымға енуімен байланысты. Адамзат кез келген жұмыстың, әр мамандықтың абыройлы екендігін және де адамның өз жұмысына қаншалықты жауапкершілікпен қарап, қаншалықты ынта-жігермен жұмыс істейтініне байланысты болатынын әрқашан мойындап отырған. Барлық кәсіп өздігінше ерекше және маңызды. Әр кәсіптің өзінің жұмыс айрықшылығы, өзінің қайталанбас тарихы, өз құндылығы және өз батырлары бар. Әрине дерлік өз кәсіптің өзінің ерекше аталып өтетін мерекелі күні, өзінің кәсіби мерекесі де бар. Біздің кәсіби мерекеміз - Қаржыгерлер күні және ұлттық валюта күні ең ыстық құттықтауымызды қабыл алыңыздар. Сіздерге жұмыстарыңыздың келешекте де Қазақстан экономикасының қаржы әлеуетін дамытуға және күшейтуге, кәсіпкерлік секторының қаржы жағынан ырысты-берекелі болуына мүмкіндік туғызуға бағытталуына тілектеспіз. Дендеріңіздің сау, еңбектеріңіздің жемісті болып, қаржылық қызметтерге тұрақтылық пен жаңа белестерге жетулеріңізге жүрекарды тілегімізді білдіреміз!

А.ТУЛЕМБЕКОВА,
аудандық қазынашылық басқармасының басшысы.

«Серпін - 2050» бағдарламасының серпілісі

«Мәңгілік ел жастары – индустрияға» атты арнайы мемлекеттік бағдарламасы қабылданғаны баршамызға мәлім. Осы мәселе аясында 2014 жылдан бастап Қазақстанда мемлекеттік «Серпін-2050» бағдарламасы қызу жұмыс жасап жатыр.

Бағдарламаның мақсаты - еліміздің өсу көрсеткіші жоғары, еңбек нарығында сұраныстан көрі ұсыныстар басым бірқатар аймақтарынан жұмыс күші мен білікті кадрларға мұқтаждық байқалатын солтүстік, батыс, шығыс өңірлеріне жастарды апарып оқыту және болашақта жұмыс орындарымен қамтамасыз ету.

Аталмыш бағдарлама бастапқы жылдары педагогикалық мамандықтар арасында жүргізілсе, кейіннен инженерлік-техникалық, ауыл шаруашылық және ветеринарлық бағыттағы мамандықтар бойынша кеңейтілді.

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті «Серпін - 2050» әлеуметтік жобасына 2015 жылдан бастап қатысуда. Университет ректоры Бауыржан Ердембеков биыл осы бастама бойынша мемлекеттік грантты жеңіп алған мектеп түлектеріне Семей қаласына келіп, жатақханаға орналасуына, университеттің тыныс-тіршілігімен танысуына барынша жағдай жасап, жан-жақты көмек көрсетуде.

Бүгінгі таңда «Тамақ өндірістерінің технологиясы және биотехнология» кафедрасында «Серпін – 2050» бағдарламасы бойынша оқуға түскен түлектер мемлекеттік грант бойынша білім алуда. Кафедра меңгерушісі Жайнагүл Какимова студенттерге үлкен қолдау көрсетіп, білім алуларына барынша жағдай жасауда. Кафедрада «Азық – түлік өнімдерінің технологиясы», «Биотехнология» және «Стандарттау және сертификаттау» мамандықтары бойынша студенттер білім алуда. Студенттердің кәсіби деңгейде толық білім алуы үшін бірнеше зертханалар жұмыс істейді, олар «Тағам қауіпсіздігі» зертханасы, «Азық-түлік тағамдарының және өңдеу өндірістерінің» зертханасы, «Қоғамдық тамақтану технологиясы» зертханасы, «Тағамдық биотехнология» зертханасы, «Биопрепараттар» зертханасы, «Тамақ өнімдерінің микробиологиясы» зертханасы, «Тамақ өнімдерін сараптау» зертханасы және де «Оқу өндірістік зертханасы» (шағын цех). Жоғарыда көрсетілген зертханаларда білім алушылар ғылыми – зерттеу жұмыстарымен айналысып, өздерінің теориялық алған білімдерін тәжірибемен ұштастыра алады. «Тамақ өнімдері өндірісінің технологиясы және биотехнология» кафедрасында білім беру жүйесі үш сатылы болып келеді: бакалавр – магистратура – PhD докторантура. ТӨЖБ кафедрасы шет елдердің және ҚР алдыңғы қатарлы жоғарғы



оқу орындарымен тығыз байланыста. Атап айтатын болсақ, Оңтүстік Орал мемлекеттік университеті (РФ, Челябинск қ.), Тағам технологиясы университеті (Болгария, Пловдив қ.), Денизли университеті (Түркия, Памукалле), Эгей университеті (Түркия, Измир), Кемерово технологиялық тағам өндірісі институты (Ресей, Кемерово қ.), Новосібір мемлекеттік аграрлық университеті (Ресей, Новосибирск қ.) Могилев мемлекеттік азық-түлік университетімен (Белоруссия, Могилев қ.) екі-жақты іскерлік келісімшарт орнатылған және кафедрада студенттері мен магистранттары академиялық ұтқырлық бойынша аталмыш университеттерде білім алуға зор мүмкіндіктері бар.

ТӨЖБ кафедрасының білім алушыларының тәжірибе өту базалары: К/Х «Калиханулы», ЖШС «Восток Молоко», «Үн және құрама жем зауыты» ЖШС, «Кондиз» ЖШС, ИП «Масаева», «Восток продукт» ЖШС, «Тамаша» ЖШС, «АйАр» АҚ, К/Х «Нур», АҚ «Сүт», АҚ «Ұлттық сертификация және экспертиза орталығы», РГУ «ШҚО бойынша техникалық реттеу және метрология комитетінің департаменті». Жыл сайын осы кәсіпорындардың басшылығының қатысуымен бірге бітіруші түлектердің жәрмеңкесі өтеді. Жәрмеңке соңында кәсіпорын басшылары тәжірибе барысында жақсы жағынан көрінген студенттерді өздеріне жұмысқа шақырады. Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің бітіруші түлектерінің 80% жұмыспен қамтамасыз етіледі.

«Мен Шәкәрім атындағы университетінің 3 курс студентімін. Университеттің жақсы жақтары өте көп, білім беру жағы басқа қалалардан ерекше екенін бәрі мойындайтын секілді. Білім сапасы өте жоғары. Тұратын жатақхана да ынғайлы, заман талабына сай барлық заттармен қамтамасыз етілген. Университет белсенділері әркез жұмыстарын тиянақты түрде

орындайды», - дейді алакөлдiк студент М.Мағлумова.

«Мен білім алып жатқан университет қазіргі талаптарға сай жабдықталған жатақханамен қамтамасыз етілген. Кітап қоры жылда оқулық, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттермен толықтырылып тұрады, электронды каталогтармен, электронды оқулықтармен жұмыс істеу мүмкіндігі бар. Компьютерлік лаборатория ресурстарында дәріс курстары, аударма сөздіктер, оқу бағдарламалары, қазақ тілінің практикалық курсы бойынша электронды оқу құралдары және т.б. материалдар қолжетімді. Бұл университетте оқитындардың шет елде білімдерін толықтыруға мүмкіндіктері бар. Университеттің осындай артықшылықтары мені қуантады, осыған орай білімге деген ынтам арта түсуде», - деп, студент А.Кулжабай да білім ордасы жайлы жағымды пікірлерін жеткізуде.

«Болашақта жақсы маман иесі болу кез келген мектеп бітіруші түлектің арманы ғой. Мен де мықты оқу орнынан білім алып, жақсы маман иесі болғым келеді. Сол себептен Шәкәрім университетін таңдадым. Бұл оқу орнында басты назар аударғаным оқу сапасы және университет беделі, білімді ұстаздар. Қазіргі таңда «Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» мамандығының 2 курс студентімін. Өзіміз осы оқу орнын таңдағаным өкінбеймін», - дейді М.Әшім. Болашақ мектеп түлектері өздеріңіздің мамандықтарыңызды дұрыс таңдай біліңіздер. Біздің университет – сапалы білім мен жұмысқа орналасудың кепілі.

Н.МУСЛИМОВА,
Шәкәрім атындағы университеттің «Тамақ өндірістерінің технологиясы және биотехнология» кафедрасының оқытушысы, техника ғылымдары магистрі.



Спорт беті

Международные победы алақолцев



В течении года наши спортсмены блестяще выступали на множествах соревнований, как на уровне района и области, так и отстаивали честь на международных турнирах. Упорством, несгибаемой волей к победе добивались лучших результатов, пополняли не только свою копилку побед, но и повышали имидж нашей страны.

На днях аким района Алмас Абдинов лично встретился с юными алақолскими звездами казахстанского спорта - Аликен Батыром, бронзовым призером 15 открытого чемпионата Корошка Ореп 2021 Кубка Европы по дзюдо в Словении и Кайратқызы Анель, завоевавшей бронзу на молодежном первенстве мира по самбо в греческих Салониках.

Надо сказать, что в течении последнего времени оба спортсмена достигли немалых высот. К примеру, Аликен Батыр – четырехкратный золотой и бронзовый призер чемпионата Республики Казахстан, дважды бронзовый призер чемпионата РК по ка-

зақ күрес, обладатель третьего места Кубка Азии в Алматы, золотой в международном турнире им.Б.Ташметова.

Не менее внушительный список наград и у Кайратқызы Анель. Она успела завоевать первые места в чемпионатах Азии, Республики Казахстан (дважды), второе место в I играх стран СНГ и первое в летней XI универсиаде по самбо.

Глава региона поздравил молодых спортсменов с личными достижениями, выразил благодарность, пожелал им дальнейших побед, крепкого здоровья, вручив цветы и ценные презенты.

В.ИВАНОВА.

Молодежный турнир по волейболу

На минувшей неделе в городе Ушарал состоялось долгожданное спортивное событие. Физкультурно - оздоровительный комплекс «Тарлан» принял волейбольные команды из самых разных уголков нашего региона. Молодежный турнир за приз акима района проходили достаточно горячо.

В нем приняли участие 10 команд. И можно быть уверенными, каждый из них приехал с настроением на победу.

Открыл спортивное мероприятие аким района А.Абдинов. Он сердечно поздравил собравшихся с очередным испытанием, пожелав им удачи и хорошего позитивного настроения, вручил благодарности спортсменам поднявшим рейтинг нашего района по волейболу в области. Также отметил, что алақолцы имеют высокие спортивные показатели, а личное отношение приносит значительные результаты.

Соревновательный день прошел достаточно насыщенно. После жеребьевки, разделившись



на группы команды играли на двух площадках: в СШ им.Абая и городской СШ №1. А уже затем определившиеся победители встретились на финальных играх. Главным судьей молодежного турнира был Даулет Байдилдаев, старший тренер и ветеран волейбола.

По итогам встреч первое место заняла команда города Ушарал «Алтын дән». Второе почетное место завоевала команда «Коктума», и третье по праву

досталось сборной Пограничного управления по району.

Спортсмены были награждены не только кубками, медалями и дипломами, но и денежными призами в сумме 250, 150 и 100 тысяч тенге соответственно. Надо отметить, что спонсором молодежного турнира по волейболу выступил член совета воинов - интернационалистов и руководитель ТОО «Мерей-Асем» Совет Карабеков.

В. АЛЕКСАНДРОВА.

Спорт ардагерінің құрметіне

Жуырда Көлбай ауылдық округінде спорт ардагері, осы саланың нағыз жанашыры бола білген арда азамат, саналы ғұмырының басым бөлігін ұстаздық жолына арнап, шәкірт тәрбиесінде елеулі жетістіктерге жете білген Әлімхан Асылханұлын еске алу мақсатында волейболдан ауданаралық дода жалауын желбіретті.



Аталған сайысқа өңіріміз бен Ақсу, Сарқан аудандарынан, Талдықорған қаласынан барлығы 15-тен астам командалар қатысты.

Шараның шымылдығын ашқан аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы А.Садиев азаматының қадірін біліп, құрметін еселеп отырған көлбайлықтарға алғысын жеткізіп, жиналған құрамаларға алдағы жарыста сәттілік тіледі.

Ушарал қалалық округінің әкімі М.Сайдильдинов өмірде жолдас болған, мұңы мен сырын ашық бөлісе алатын достарынан қапыда айырылып қалып, қалың бұқараның қабырғасы қайысқанын айтып өтті.

Аудандық мәслихат депутаты А.Есенбеков талай уақыттан бері

турнирлерді аңсап, әбден шөліккеген спортшыларға ерекше ойын үлгісін көрсетіп, кіл мықтылар жеңіс тұғырынан көрінсін деген тілегін жеткізді.

Көлбай ауылдық округінің әкімі Е.Шақеров азаматтардың берекелі тірлігінің арқасында ауылдың дамуына өзіндік үлесін қосқан нар тұлғалы жерлестерін еске алып, дүбірлі дода ұйымдастыруға мүмкіндік туғанын, осы арқылы Ә.Тұмабековтың есімін ұмытпай, насихаттауға да жаңаша серпін берілгенін тілге тиек етті.

Сары-ала доптың шаңын шығарған командалар көрермендердің ойынан шығып, өзара тартысты сайыс көрсетті. Кіл мықтылардың таласын барлығы да кірпік ілмей тамашалады.

Жойқын соққы, әдемі айла, ширақ қимыл мен шапшаңдықтың арқасында мықтылар іріктеліп, жеңіс тұғырына көтерілді.

Доданың қорытындысы бойынша Талдықорған қаласынан келген «Жетісу» командасы үздік үштікті қорытындылап, 150 мың теңге ақшалай сыйлыққа ие болды. Қызылашының жігіттері 200 мың теңге мен екінші орынды тақымға басса, Көлбай құрамасы қарсылас шақ келтірмей, бірінші орын мен 250 мың теңгені еншіледі. Ал Жайпақ командасы 50 мың теңгенің ынталандыру сыйлығын алды.

Жұлдегерлерге бұдан бөлек арнайы дипломдар, медальдар мен кубоктар табысталды.

А.ХАНЗАДА.



Жуырда аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен «Тарлан» дене шынықтыру және сауықтыру спорт кешеніне 3 жыл толуына орай еркін күрестен 2005-2006, 2007-2008,

2009-2010, 2011-2013 жылы дүниеге келген жасөспірім ұлдар арасында аудандық турнир өтті.

Жасөспірімдер белдескеннің белін үзіп, тірескеннің тізесін бүктіретін күшке ие екенін дәлелдей

Балуандар бақ сынасты

түсті. Қанға біткен қасиет болса керек, қазақтың кез келген баласы боз кілемде бақ сынауға дайын тұрады. Өңірімізде еркін күрестен өткен бұл жарысқа біраз жас жиналған.

Сайыстың басты мақсаты - достық қарым-қатынасты нығайту, аудан спортшыларының шеберлігін көтеру, жастар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді өткізу, өңір жастары арасында еркін күресті одан әрі дамыту және жетілдіру, оларды спортқа тарта отырып, патриоттық тұрғыда тәрбиелеу және салауатты өмір салтын насихаттау.

Аталмыш шараның шымылдығын ашқан аудандық дене шы-

нықтыру және спорт бөлімінің басшысы А.Садиев қатысушыларға сәттілік тілеп, жарыстың ережелерімен таныстырып өтті.

Сайыста бабы мен бағы қатар шапқан жас спортшылар жеңіс тұғырына көтерілсе, жауырыны жер иіскеген балалар кілем шетіне шығып жатты. Десек те боз кілемдегі белдесулер тартысты өтті.

Жарыс қорытындысы бойынша 2005-2006 жылғы балуандар арасында 55 келіде Серікұлы Айбек, 60 келіде Рамазан Алмат, 65 келіде Нүсіпхан Азат және 90 келіде Әсемқұл Ернұр жеңіс тұғырынан көрінді. 2007-2008 жылғы туылғандар арасында 35 келіде Жаңабіл Диас, 38 келіде Әбілхан Рамазан, 44 келіде Марат Батырхан, 48 келіде Мұса Төлеген және 56 келіде Жанқуров Тәңірберген

I орынды тақымына басты. 2009-2010 жылғы жасөспірімдер арасында 29 келіде Қасымбек Нұралы, 32 келіде Тұрсын Ерали, 35 келіде Сенбек Рахат, 38 келіде Серік Уалихан, 42 келіде Алмасұлы Ерзат, 46 келіде Рахымжан Ұлан, 50 келіде Рахатбекұлы Қажыбек және 55+ келіде Ерланұлы Бағжан жеңіске жетті. 2011-2013 жылғы жасөспірімдер арасында 23 келіде Қабиден Нұрсұлтан, 25 келіде Мұратқан Арнұр, 26 келіде Мәуітбекұлы Дарын, 29 келіде Орал Досжан, 32 келіде Сарқыт Мирас, 35 келіде Мәуітбекұлы Дастан, 38 келіде Жеңіс Біржан, 42 келіде Дәулетхан Дамир және 42+ келіде Жақсыбек Алдияр алтыннан алқа тақты.

М.ҚАТАҚЫЗЫ.

ПРОГНОЗ

социально-экономического развития Алакольского района на 2022 – 2026 годы

Приложение
к постановлению акимата
Алакольского района
от « » 10. 2021 года №

Структура прогноза социально-экономического развития Алакольского района на 2022-2026 годы

1. Тенденции социально-экономического развития 2020-2021 годы	
Внешние и внутренние условия развития экономики	
2. Основные приоритетные направления развития района	
3. Основные меры реализации экономической политики:	
3.1	Бюджетно-налоговая политика
3.2	Сдерживание уровня инфляции
3.3	Развитие отраслей экономики:
	промышленность
	сельское хозяйство
	туризм
	строительство
	транспорт
	связь
	торговля
3.4	Улучшение бизнес-климата и инвестиционной привлекательности
3.5	Улучшение качества человеческого капитала
4. Основные факторы роста экономики и прогноз показателей социально-экономического развития	
5. Основные параметры местного бюджета на 2022-2024 годы	
5.1	Прогноз бюджетных параметров на 2022-2024
5.2	Межбюджетные отношения
5.3	Приоритеты расходов местного бюджета
5.4	Новые инициативы расходов, направленные на реализацию приоритетов социально-экономического развития
5.5	Основные приоритеты бюджетной инвестиционной политики на 2022-2024 годы
6. Прогнозы основных показателей социально-экономического развития (в разрезе районов, городов) на 2022-2026 годы и параметров бюджета (в разрезе районов, городов, городов районного значения, сел, поселков и сельских округов) на плановый период (5 приложения)	
7. Перечень приоритетных местных бюджетных инвестиций (4 приложения)	

1. Тенденции социально-экономического развития 2020-2021 годы

Внешние и внутренние условия развития экономики

Экономический рост

В течение нескольких лет подряд отмечается устойчивый рост основных показателей социально-экономического развития и индекса человеческого развития.

В аграрном секторе района достигнуты значительные результаты: наблюдается рост производства, увеличивается производительность труда, производится обновление основных фондов, достигнута самообеспеченность по основным продуктам питания.

В сельскохозяйственном производстве действуют 1178 крестьянских хозяйств и 32 юридических лица. Кроме того, более 6,6 тысяч населения занимаются разведением скота и птицы, а также выращиванием сельскохозяйственной продукции в домашних условиях.

Укрепляется материально - техническая база отрасли. По обновлению парка техники в текущем году сельхозформированиями за счет собственных средств и через лизинговые компании приобретено 57 единиц сельхоз техники на сумму 486,3 млн тенге.

Объем валовой продукции сельского хозяйства в 2020 году составил 48843,6 млн тенге. В сентябре 2021 года 39 млрд 923 млн тенге. Индекс физического объема 101,2%.

Из года в год увеличивается объем посевных площадей сельскохозяйственных культур.

В 2021 году посевная площадь сельскохозяйственных культур составила 84998 га. В том числе, зерновых культур - 40295 га, масличных культур - 27977 га, сахарная свекла - 800 га, картофель, овощи, бахчевые - 2594 га и кормовые культуры - 13328 га.

По сравнению с 2020 годом поголовье КРС увеличилось и составило 82705 голов, поголовье мелкого рогатого скота составило 252574 головы, лошадей – 33341 голов, верблюдов-212 головы, и птицы – 128139 голов.

В районе функционируют 6 откормочных площадок на 6300 голов.

Растет производство животноводческой продукции. Так, в 2020 году реализовано всего мяса 18864,9 тонн, надоено молока 40766,6 тонн, настрижено шерсти 460 тонн, произведено яиц 12711,8 тыс. штук. За сентябрь 2021 года произведено мяса 11351 тонн, молока 34850 тонн, шерсти 475 тонн, яиц 8850 тыс. штук.

В сфере промышленности действуют 39 предприятий, в том числе 4 крупных и средних предприятия, которые формируют основной объем промышленности. В отрасли занято 1585 человек.

В этой сфере в 2020 году было произведено продукции на сумму 11844,8 млн тенге, индекс физического объема составил 100,9%.

В структуре промышленности преобладает обрабатывающая отрасль, которая занимает 68,7% от общего производства, а так же произведено продукции на общую сумму 8144 млн тенге.

В 2021 году планируется производство продукции на 12,1 млрд тенге, в 3 квартале 2021 года произведено продукции на 8221,6 млн тенге. Индекс физического объема составил 101,1%. Из них 4,5 млрд тенге или 55,2% - продукция обрабатывающей промышленности.

Инвестиции в основной капитал за январь - сентябрь 2021 года привлечено инвестиций 33514,3 млн тенге, индекс физического объема составил 111,6%. План на 2021 год составляет 49500 млн тенге.

Объем строительных работ за 9 месяцев 2021 года составил 30316,8 млн тенге, индекс физического объема – 118,6%.

За 9 месяцев текущего года построено и введено в эксплуатацию 8454 квадратных метров жилья.

В городе функционирует центральная котельная мощностью 17,1 гигакалорий с разветвленной сетью теплотрассы 57,7 км, обслуживаемая ГКП «Алаколь жылу».

В 2017 году на увеличение теплотрассы выделено 216,8 млн тенге, в 2018 году-278,8 млн тенге.

В районе из 56 населенных пунктов 48 обеспечены централизованным водоснабжением (85,7%), 7-нецентрализованным водоснабжением (12,5%) и 1-привозной водой (село Алаколь).

В рамках программы «Ауыл ел бесігі» проводится реконструкция электрической сети села Коктума.

Транспортная инфраструктура в районе состоит из обширной сети автомобильных дорог, железных дорог, воздушного транспорта и является транспортным коридором между Россией, Средней Азией и Китаем.

Протяженность автомобильных дорог Алакольского района составляет 1448,3 км, в том числе: республиканского значения – 333 км (22,9%) и местного значения – 1115,3 км (77,1%).

В 2021 году на областные дороги выделено 1306 тенге, проведен средний ремонт 33 км автомобильной дороги по направлению Кабанбай – Коктума на участке 64-97 км и дороги Тонкерис-Кожжар-Голубев Запор. Построено 3 моста на 301 тенге.

В рамках «программы Ауыл ел бесігі» проведен средний ремонт дорог в 4 селах.

Кроме того, ведется строительство 184 км дорог республиканского значения «Ушарал-Достык» и 765 км дорог «Талдықорган – Калбатау - Усть-Каменогорск».

В результате качество всех дорог в районе улучшилось с 56% до 67% и достигло хорошего и удовлетворительно состояния.

В районе функционируют 2 автовокзала в городе Ушарал и в селе Кабанбай.

В 2020 году объем перевозок пассажиров составил 2605,4 тыс. человек, пассажирооборот – 63626,2 тыс. пассажир/км, грузооборот-1148,5 тыс. тонн, грузооборот – 43264,1 тыс. тонн/км.

За 9 месяцев 2021 года объем перевозок пассажиров составил 2135,7 тыс. человек, пассажирооборот – 59868,4 тыс. пассажир/км, грузооборот – 849,4 тыс. тонн, грузооборот-25055,2 тыс. тонн/км.

Одной из приоритетных задач в регионе остается поддержка **малого и среднего бизнеса**.

По состоянию на 1 октября 2021 года количество действующих субъектов составило 3522 единицы.

Численность занятых в МСБ составила 10664 человека. Объем произведенной продукции за 9 месяцев 2021 года по сравнению с аналогичным периодом 2020 года увеличился на 1015,5 млн тенге или на 102,1% и составил 49744,5 млн тенге.

В 2021 году от субъектов предпринимательства в бюджет поступило 2614 млн тенге налогов, что больше чем за соответствующий период 2020 года на 661,3 млн тенге или 133,9% (2020 год 1952,7 млн тенге).

В рамках программы «Дорожная карта бизнеса-2025» в 2021 году профинансировано 42 проекта на сумму 1590,3 млн. тенге и направлено на развитие сферы торговли и туризма.

В структуре **розничного, оптового товарооборота и услуг** за 9 месяцев текущего года исполнено 15309,8 млн

